



Ақмешіт

21 қараша
сейсенбі
№92 (1999)
2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Державалар диалогы: АҚШ пен Қытай келіссөзі

Өткен аптадағы айтулы оқиға – АҚШ президенті Джо Байден мен ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуі. Апта бойы ақпарат агенттіктері лидерлер жүздесуін жарыса жазып, екеуара әңгімені талдаумен әлек болды. Әсіресе аталған қадам екі мемлекет арасындағы саяси тартыс өршіген шаққа орайласқаны тегіннен-тегін емес. Оған бірнеше себеп бар. Алғашқысы – АҚШ-тың Қытай экономикасына жасаған қысымы, нақтысы, IT индустриясынан ығыстыру әрекеті болса, кейінгісі – халықаралық қарулы жанжалдар мен мүдделер қақтығысы туралы нақты ұстанымды айқындау. Міне, осы тұрғыда державалар диалогы аймақ үшін де, әлем үшін де аса маңызды еді...



Тақырыпты жан-жақты бағалай білген тілшілер санатында CNN арнасының өкілі Симона Маккарти бар. Ол арна сайтында мемлекет басшылары көтерген мәселелерді атап қана қоймай, оларға талдау жасауды қалпеге алған. Қай мәселенің неден туындағанын, қай жолмен келіссөз тізіміне енгеніне дейінгі аралықты айшықтай білгенімен құнды. Сондықтан тілшінің арна сайтына жариялаған тақырыптық макаласына шолу жасап көрейік.

«Бақталастықтан – бірлестікке, сауда қақтығысынан – байыпты бәсекеге. Джо Байден мен Си Цзиньпин арасындағы әңгіме ауаны осы ұстаным төңірегінде өрбіді. Әрине, кей тұсынта лидерлердің бір-біріне «айып таққан» сәті болғаны жасырын емес. Мысалы, АҚШ президенті ҚХР басшысын әлі де диктатор санайтынын айтты. Алайда іле-шала бұл сынды «коммунистік елді басқарудағы әдіс» деп жалтарса, тіпті кейін Қытайдың билік құрылымы басқаша деп ақтады. Не де болса, басшылардың тіл табысып, өткір мәлімдемеден қашқақтағаны байқалады. Бұл жабық есік ішінде екіжақты тиімді шешімдер қабылданғанын білдірсе керек», – деді С.Маккарти.

Арна тілшісі айтып отырған «диктатор» әңгімесі – Байденнің баспасөз конференциясында сынайы енгізген емеуріні. АҚШ президенті бұл сөзімен қаншама экономикалық келісім орнаса да саяси ұстанымы сол күйі қалатынын білдірді. Оған қоса атап алатын ойды алғашқы басқосуда-ақ жеткізуі қарсыластарына кінәлау жолын қалдырмаудың амалына ұқсайды. Себебі елде Байденнің ішкі-сыртқы саясаттағы ұстанымын сынаушылар күн-күннен күнге көбейген болатын. Экс-президент Дональд Трамптың өзі БАҚ арқылы мемлекет басшысын қаралауға көшіп, билікке келуге ниетті екенін білдіріп жүр.

Мақалада Байденнің Цзиньпинге қарата айтқан «диктатор» деген мәлімдемесіне ҚХР СІМ-нің өкілі Мао Нин қайтарған қарымта жауап та қосылған екен. Қытай шенеунігінің шағын репликасынан аңғарғанымыз, мұндай көзқарас тым жаңсақ әрі сауатсыз саяси мәнгер деген қарсылық тоны сезіледі. Әрине, қай тарап болсын, 5-6 жылда зорға қол жеткен кездесуді «жаңсақ сөз» үшін құрбан етпесі анық еді. Сондықтан әлемдік ақпарат көздері бұл тақырыпқа көп кідірмей, кездесуде шешілген мәселеге ойысқан.

«Вашингтон мен Бейжің арасындағы фундаментальды сауал екі елдің өзара ұстанымына тірелген. Яғни АҚШ пен Қытай бір-біріне қарсылас па, серіктес пе? Кездесуде осы сұраққа Си Цзиньпин: «Егер біз бір-бірімізді қарсылас санасақ, бұл – нағыз геосаяси мәселе, едәуір қауіп, салдары ауыр шешім. Қытай АҚШ-тың серіктесі әрі досы болуға дайын», – деп жауап берді», – дейді арна тілшісі.

ҚХР басшысының бірінші болып «қол ұсынуды» себепсіз емес. Америкалық сарапшылардың болжауынша, Қытай қазір экономикалық қиындықты бастан өткеруде. Жылжымайтын мүлік нарығы ұшығып, жастар арасында жұмыссыздық деңгейі өсті. IT саласындағы өндіріс ауқымы төмендеп, санкция төпелеген түрлі-түсті металдар саласы экспорттан қағылды. Осының бәрі Қытайды АҚШ-пен текетірістен тойтарып, аузын бұған өгіздей күйге түсірген.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕНІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАР КҮН АЛЫС ЕМЕС

Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі – саяжай жайы. Көп жылдан бері қала маңындағы саяжай жұртшылығы базынасын айтып, түйткілді түйіндерін жеткізген. Бүгінде мұнда жол, су, ауызсу, аяқсу, көгілдір отын, қоғамдық көлік сынды мәселе жетерлік.



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың халықпен тұрақты кездесуі саяжайдағы күрмеулі мәселелердің шетін шығарғандай. Тұрғындарды кезекті қабылдау барысында облыс әкімі орынбасарларына саяжайдағы өзекті мәселелерді зерттеп, зерделеуді тапсырған болатын. Соған сәйкес

жақында облыс әкімінің орынбасары Меірамбетов Шермағамбетов, қала әкімі Асылбек Шәменов тиісті сала басшыларымен бірге «ІМК-29», «ІМК-66» саяжайы тұрғындарымен кездесіп, ондағы түйткілді бағамдап қайтқан еді.

2 БЕТТЕ

2 БЕТТЕ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ЖАРЫҚ МӘСЕЛЕСІ БОЛМАЙДЫ



«Әкімге алты сауал» айдарының бүгінгі қонағы – Қосшыңрау ауылдық округінің әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Мира ҚАЗБЕКОВА, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы :

ҒАЛАМТОР ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ МЕН КІТАПТЫҢ ОРНЫН БАСА АЛМАЙДЫ

Біздің жүрекжарды сұхбатымыздың бүгінгі қонағы – облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова. Сұхбат қонағымен әңгіме барысында мәдениет пен спорт саласында атқарылып жатқан жұмыс пен келер жылы қолға алынар жаңа жобалар жайын сөз еттік. Кейіпкеріміздің балалық шағынан бастап мемлекеттік қызметтегі қалыптасу жолына дейін еркін әңгіме тиегін де ақтардық.

3 БЕТТЕ



Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Аймақтағы азық-түлік тауарларына баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы өтті. Аймақ басшысы өкімімен құрылған көшпелі отырысқа облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов пен ірі сауда орталықтарының басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

БАҒА БАҚЫЛАУҒА БАҒЫНА МА?



Биыл комиссияның 91 отырысы өткізілген. Себебі құзырлы мемлекеттік органдармен хаттамалық тапсырмаларды орындау барысында күріш, пияз және ас тұзы бойынша 11 құқық бұзушылық анықталған. Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменті 6 кәсіпорынға күріш өнімі бойынша айыппұл салған. Қалған 5 дерек бойынша бағалар төмендетіліп, сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті негізсіз делдалдарды қысқартқан.

Облыс әкімінің орынбасары сауда орталықтарындағы бағаның тұрақтылығын бағамдау үшін алдымен Назарбаев көшесінің бойында орналасқан «SMALL» сауда орнына барды.

3 БЕТТЕ

ҚАТІГЕЗ БОЛМАҒДАРШЫ, АДАМДАР!



Өз туған қызын өлтіріп, қоқысқа көміп тастаған ана туралы жаңалық қоғамды дүр сілкіндірді. «Мына әңгіме рас болса, сұмдық екен...», «Ондайға тек жүрегі жоқтар ғана баратын шығар?» дегенді де естіп қалдық.

4 БЕТТЕ

Сурет: goodfon.ru, psiholog194.blogspot.com

4 БЕТТЕ

КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Қыс жақындағанда отын-су мәселесі алға шығатыны белгілі. Осыған орай қала әкімі Асылбек Шаменов қалада көмір тапшылығын болдырмау мақсатында қадағалау жұмыстарын жүргізген еді.

Шаһар басшысы көмір қоймасына барып, арнайы көмір тасымалдаушы жеке кәсіпкермен кездесті.

Бұған дейін аймақты жылу маусымы кезінде тұрғындарды қатты отын қорымен қамтамасыз ету үшін, тамыз айында қала әкімі көмір тасымалдаушы жеке кәсіпкер «КНАС СОМ» және «Қарымсақов» арасында меморандумға қол қойған болатын.

Жалпы өңірге қажетті қатты отын көлемі шамамен 85000 тоннаны құрайды. Алайда көмір тасымалдаушы жеке кәсіпкерлер бұл мөлшерді артығымен әкелуді көздеген болатын. Яғни жылу беру маусымы кезеңінде барлығы 90000 тонна көмір әкелуді жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда «КНАС СОМ» жеке кәсіпкердің 115 вагонында 7935 тонна «Шубаркөл» көмірінің қоры бар. Ал екінші «Қарымсақов» кәсіпкерінде 345 тонна көмір қоры бар.



Осыған сәйкес, аймақ басшысы халықты көмірмен қамту шараларын уақытылы қабылдап, қысқы маусымда қажетті көмір қорын жинақтауды ойдағандай өткізуді және бағалардың өсуіне жол бермеуді қатаң тапсырды.

Н.СЕРІКБАЙ

ЖАҢА ЖОБАЛАР ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНА СЕРПІН БЕРМЕК

Халық денсаулығын жақсарту, сапалы медициналық қызмет көрсетуді жандандыру бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі таңда облыста күрделі жөндеуді қажет ететін нысандар жерлерік. Бұл бағытта биыл 3,4 миллиард теңге қарастырылып, 9 нысан қайта жаңғыртылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аймақтың бас дәрігері Олжас Ысқақов аталған нысанның 4-і пайдалануға берілсе, тағы бір нысан жыл соңына дейін пайдалануға берілетінін жеткізді. Қалған 4 нысанның жөндеу жұмысы келер жылы аяқталмақ. Сонымен қатар облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы ғимаратының да тозығы жеткені де халық арасында жиі айтылады. Тұрғындардың базинасын ескерген басқарма басшысы қазіргі таңда аталған нысанды күрделі жөндеуден өткізу үшін жоба-сметалық құжат әзірленгенін, жөндеу жұмысына мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізіліп жатқанын атап өтті. Жалпы аталған нысанды жөндеуге 1,6 млрд теңге қаражат бөлінген. Күрделі жөндеуді қажет ететін ғимарат болғандықтан құрылыс жұмыстары келер жылға дейін жалғаспақ. Сондай-ақ ауыл жергілікті қаражат көзінен 3, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасымен 2 медициналық нысанды «көгілдір отынға» қосу жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық саласындағы тағы бір өзекті – мәселе қажетті медициналық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі. Бұл бағытта да жыл басынан бері нәтижелі жұмыстар атқарылған. Басқарма басшысы Олжас Ермекулы медициналық нысандарды материалдық-техникалық жабдықпен қамтамасыз етуге республика және жергілікті бюджеттен 5,1 млрд теңге қаражат бөлінгенін айтты. Соның нәтижесінде қажетті құрал-жабдықпен қамтылу көрсеткішін 84 пайыздан 89 пайызға дейін жеткізу көзделуде. Сондай-ақ жыл соңына дейін 25 санитарлық автокөлік әкелу жоспарлануда. Бұдан бөлек, «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қоры аймақтың денсаулық саласына 2 млрд теңгеден астам қаржы бөлген. Бұған облыстық балалар ауруханасындағы «Қамқорлық» реабилитациялық орталығына қажетті жабдықтар мен дәрі-дәрмек, онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы

орталығының облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының модульдік бөлімшесінің ғимаратына көшірілуі. Бұған дейін облыстық көпбейінді ауруханасының емханалық ғимаратында орналасқан орталықта ем алушылардың химioterapia мен отадан кейінгі жағдайын бақылауда кедергілер болған. Дәл осындай шара облыстық перинаталдық орталығында да жүргізілмек. Жыл соңына дейін

сараптама қарауына жіберілген. Сонымен бірге «Қазақстан халқына қоры» бөлген 124,6 миллион теңгеге ауруханаға қажетті құрал-жабдықтар алынған. Ал облыстық медициналық желел-жәрдем стансасы облыстық перинаталдық орталығының Ә.Бөкейхан көшесінде орналасқан ғимаратына көшірілмек.

Бас дәрігер тілге тиек еткен тағы бір мәселе маман тапшылығы жайы

575 дәрігер, 738 орта буын қызметкерлері білімін жетілдірген.

Мамандар біліктілігін арттыру мақсатында 500-ден аса дәрігер, 738 орта буын қызметкерлері білімін жетілдірген. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасына сәйкес бастапқы медициналық санитарлық көмек ұйымдарында инновациялық технологияларды енгізе отырып, «Үздік тәжірибелер орталығын» құру бойынша жол картасы бекітіліп, соған сәйкес Шиели көпбейінді аудандық ауруханасы мен №3 қалалық емхана үздік тәжірибе орталығы болып бекітілген.

Биыл облыста біршама ауқымды жобаны жүзеге асыру қолға алынған. Басқарма басшысының айтуынша, ағымдағы жылы жалпы құны 47,6 миллиард теңгеге құрайтын 21 жоба мақұлданды. Оның ішінде ұлттық жоба аясында 15 нысан, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасымен 2, республикалық бюджет есебінен 2 және жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржыға 2 медициналық нысан бой көтермек. Оның ішінде 9 елдімекенде дәрігерлік амбулатория, Қармақшы ауданы мен Қуандария ауылында фельдшерлік-акушерлік бекет тұрғызылмақ. Бұдан бөлек облыс орталығында заманауи талапқа сай перинаталдық орталық салу жоспарлануда. Бүгінгі күні сол жағалаудан тиісті жер телімі белгіленіп, келер жылы 200 тәсілдік орталықтың іргесі қаланбақ.

Жергілікті тұрғындар үшін тағы бір жағымды жаңалық – №5 және №4 қалалық емхананың құрылысын жүргізу болмақ. Бұл мақсатта 400 келушіге арналған №5 қалалық емхана құрылысының жоба-сметалық құжаты әзірленген. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізуге 50,2 миллион теңге қаржы бөлініп, жобалау жұмыстары жүргізіліп жатқандығын айтады. Емхана құрылысы республикалық бюджет есебінен бой көтермек. Ал жоба мемлекеттік сараптамадан өткен соң дәл осындай үлгімен №4 қалалық емхананың да жоба-сметалық құжаты дайындалмақ. Басқарма басшысы Тасбоғет кентінде орналасқан емхана құрылысын жүргізу үшін қажетті жер телімі бекітілгенін де атап өтті. Бұдан бөлек №1 қалалық емханасынан қосымша құрылыс жүргізілмек. Бұл бағытта тиісті құжат әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге қаржы бөлінген.

Келер жылы бой көтеретін денсаулық нысандарының қатары мұнымен шектелмейді. Аймақтың бас дәрігері шалғай аудандардағы балаларға реабилитациялық емнің қолжетімділігін арттырмақ. Осы орайда ауданаралық оналту орталықтары Арал және Жанакорған ауданында ашылады деп жоспарлануда. Бүгінде Жанакорған ауданы бойынша қайта жаңғырту жұмыстарына қажетті қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағыттағы құрылыс жұмысы келер жылы Арал ауданында жалғасатын болады. Өз кезегінде басқарма басшысы оналту орталықтарына қажетті жабдықтарды алуға «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қоры көмек беретінін жеткізді. Жоба жүзеге асқан соң 5 мыңға жуық ерекше балалардың тұрғылықты жерде ем алуына мүмкіндік тумак.

Денсаулық саласындағы қайсыбір мәселе болсын, кезек күттірмеуі керек. Қазіргідей дамыған заманда саланың алдыға озып, заманауи үрдістен қалып қалмауы қажет-ақ. Соңғы жылдары аймақта денсаулық саласы ігерілеп келеді. Кемшін тұстары да бар. Бастысы, жүзеге асатын жобалар ел игілігіне жарасын дейік.

А.СЕЙІЛ



кешен алынған. Аталған медициналық кешен компьютерлі томография, цифрлық рентген, ультратыбыстық аппаратпен қамтылып, шалғай елдімекендердегі тұрғындарға жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік бермек. Өз кезегінде басқарма басшысы жылжымалы кешен жуырда ауыл-аймақты аралап өз жұмысын Байқоңыр қаласынан бастайтынын жеткізді.

Биыл денсаулық сақтау ұйымдарының жүктемесін азайту және оңтайландыру бағытында да біршама өзгерістер орын алды. Соның бірі – облыстық онкология

аталған орталықтың жүктемесін азайту және оңтайландыру, сондай-ақ тар бейінді мамандардан кенес алуы шұғыл ұйымдастыру мақсатында көпбейінді облыстық аурухана жанынан медициналық көмек көрсетуді орталық ашу жоспарлануда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Мәселен, алдағы кезеңде облыстық медициналық желел-жәрдем стансасының ғимаратына «Қамқорлық» оналту орталығы бар көпбейінді қалалық балалар ауруханасының базасын құру көзделуде. Қазіргі таңда аталған ғимаратқа қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік

болды. Өңірге аса қажетті мамандар даярлауда 2016 жылдан бері облыс әкімінің гранты тағайындалған. Бүгінгі күнге дейін бұл бағытта 131 резидентке грант тағайындалып, 82 жас маман емлеу ұйымдарында қызмет атқарады. Биыл барнефролог, радиолог, ревматолог сынды тапшы мамандық бойынша 24 жас маманға грант бөлінген. Осы орайда жас мамандарды әлеуметтік қолдау мақсатында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 500 айлық есептік көрсеткіш есебінде бір мезеттік үстемалы берілуде. Сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстары да тұрақты жүргізілуде. Биыл бұған 88 миллион теңге қаражат бөлініп,

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕНІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАР КҮН АЛЫС ЕМЕС

Кездесу барысында «Электромонтажник», «Мелиоратор», «Самал-2», «Аэрофлот», «Сантехник» саяжайын қамтитын «ПМК-29» тұрғындары қоғамдық көлік мәселесін көтерген. Олардың айтуынша, қоғамдық көлік саяжайға кестеге сәйкес аптасына 3 рет қатынайды екен. Екі мыңға жуық халық тұратын саяжайлықтар жол-ауылдар көлігі күнделікті қатынаса деген өтінішін айтқан еді. Бұл мәселеге қатысты «Автобус паркi» ЖШС басшылығына кестеге өзгерістер енгізу тапсырылған. Мұнда қоғамдық көліктен бөлек электр желілерінің тозуы, жолдың жайы да өзекті. Сонымен қатар саяжай аумағындағы «Иіркөл» жасанды көлінің жеке кәсіпкерге жалға берілуі салдарынан жергілікті тұрғындар аяқсу мәселесінен таршылық көруде. Аталған мәселелер бойынша облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы жауапты сала басшыларына тиісті тапсырма жүктеген.

Жоғарыда аталған мәселелер 250 тұрғыны бар «ПМК-



66» саяжайында да өзекті. Бұл ретте қала әкімі Асылбек Шаменов жол мен ауысу жүйесінің жобасы әзірленіп, түнгі жарықтандыру мәселесі жоспарға енгізілетінін жеткізген.

Облыс әкімінің орынбасары мен шаһар басшысы бұдан бөлек «Ягодка» және «Пищевик» саяжайы халқымен де кездескен. Мұнда 1200-ге тарта халық қоныстанған. Өзге саяжайларға қарағанда қоғамдық көліктер күнделікті қатынайды. Саяжайдың 7 көшесіне қиыршық тас төселген, электр желілері тартылған. Дегенмен мұндағы жұртшылық тағы бірқатар көшені жөндеп, ауысу жолын тартса, сондай-ақ көгілдір отынға қосса деген ұсыныс айтқан.

Тұрғындармен кездескен қала басшылары саяжайдағы түйткілді мәселелерге байланысты зерделеу жұмыстары жүргізілетінін айтқан. Бүгінде ондағы жарықшам бағаналарын, аядамалар, орнату, орташа жол жөндеу жұмыстары, қосалқы электр станциялары және электр желілерін жүргізу, құқықбұзушылық фактілерін алдын алу, қоғамдық көліктің қатынауы, сондай-ақ аталған саяжайларды қаланың бас жоспарына енгізу сынды жайттар күн тәртібіне енгізілген.

Өткен аптада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбетов саяжай мәселесіне байланысты тиісті сала басшыларымен жиын өткізді. Ондағы мақсат тұрғындармен кездесу барысында көтерілген мәселелерді саралау, жүзеге асатын, оң шешім табатын жұмыстарды жүзеге асыру.

– Барлық мәселе кезең-кезеңімен оң шешім табатыны анық. Ең алдымен аталған мәселелердің ішіндегі өзекті деген және де қаражат мәселесін қажет етпейтін жұмыстарды жыл соңына дейін бітіріміз қажет. Тұрғындардың талап-тілегі тыңдалды. Енді тапсырылған жұмысты тиісті мерзімде орындауларыңызды сұраймын, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Жиын барысында тиісті сала басшылары өздеріне жүктелген тапсырма аясында атқарған жұмыстарын баяндады. Өз кезегінде әкім орынбасары жұмыстың жүйелі жүргізілуі керектігін баса айтты.

Саяжайлықтар үшін күрмеуі қиын мәселеге айналған түйткілдің түйіні тарқар кезде алыс емес сияқты. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қаражат мәселесін қажет етпейтін жұмыстар жыл соңына дейін жүзеге асса, тұрғындарға үлкен қолдау болары анық.

А.ӘЛІМ

Басы 1-бетте

Білім сапасы ауыл-қалаға бөлінеуі тиіс. Бұл мәселе әрдайым айтылып келеді. Осыған орай оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен ауыл балаларына арналған олимпиада өтуде. Қалаға қарасты Қызылжарма елді мекеніндегі №144 орта мектепте республикалық олимпиаданың ашылу салтанаты өтті. Бұл байқаудың басты – мақсаты ауыл балаларына бағса да республика көлеміндегі байқауларға қатысуына мүмкіндік беру.

АУЫЛ БАЛАСЫНА МҮМКІНДІК БЕРГЕН БАЙҚАУ



Байқауда оқушылар академиялық адалдық алаңын сақтай отырып, республикалық тапсырманы орындайды. Сондай-ақ әр оқушының алдында камералар орнатылған. Сонымен қатар байқау кезінде ата-аналар балаларының жұмысы мен орындаған тапсырмаларын тікелей көрсетілім бойынша танысып, көре алады.

Сондай-ақ республикалық олимпиада да 9-11 сынып аралығындағы оқушылардың бақ сынауының Қызылорда облысының білім басқармасына қарасты облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығының директоры Баян Ниязова айтып берді.

– Бұл додаға облыс бойынша 225 мектеп қатысады. Оның ішінде 5500 бала олимпиадада бақ сынамақ. Қазіргі таңда Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма елді мекеніндегі №144 орта мектепте ауыл мектептерінің балалары үшін арнайы ұйымдастырылып жатқан республикалық байқауда 86 оқушы бақ сынады. Байқау 13 пән бойынша өткізіледі. Нақтырақ айтатын болсақ, жаратылыстану-математикалық бағытында 6 пән болса, қоғамдық гуманитарлық бағыты бойынша 7 пән. Байқау бүгіннен бастап, 29 қарашаға дейін жалғасалы. Соңғы күні оқушылар биология пәні бойынша байқауда тәмамдайды, – дейді «Дарын» қосымша білім беру орталығының директоры.

НА.ЛТЫН

Басы 1-бетте

ЖАРЫҚ МӘСЕЛЕСІ БОЛМАЙДЫ



– Ауылдық округтегі бүгінгі жастардың жағдайы қалай? Жұмыссыз жастар бар ма?

– Ауылдағы жастар саны 822-ні құрайды. Жұмыссыз жастар саны -12. Биыл жастар арасынан 8 адамды қоғамдық жұмысқа тарттық. Бұдан бөлек жыл көлемінде 8 адам жастар тәжірибесімен жұмыс істеуде.

Сонымен қатар ауылдық округте биыл жүзеге асырылатын жобаларға ауыл жастары жұмысқа тартылды.

– «Әкім бол, халқына жақын бол» дегенді қалай түсінесіз? Осы бағыттағы ойыңыз...

– Әрине халыққа жақын болу – біздің басты міндетіміз. Елдің тыныс-тіршілігін жақсы білу, қордаланған мәселенің шешімін табуға қажетті шаруа қабылдап халықпен кері байланыс орнату, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында тиісті жұмысты жүзеге асыруымыз қажет деп ойлаймын.

– Ауылда шешімін таппай тұрған мәселе бар ма?

– Қосшыңырау ауылдық округі Абай және Досан елді мекендерінен тұрады.

Ауылмыздағы ең өзекті мәселенің бірі – елді мекенді газдандыру. Бүгінде бұл жоба бойынша жұмыс аяқталуға жақын. Алдағы уақытта ауыл халқы «көгілдір отынмен» толық қамтамасыз етілмек.

Бұдан бөлек, Досан елді мекеніндегі медициналық бекеттің құрылысы аяқталып, құжаты рәсімделуде. Сонымен қатар Досан елді мекеніндегі 5 көшені асфальттау жұмысы аяқталса, 10 көшеге кийршық тас төселуде.

Абаттандыру жұмысы аясында Абай елді мекеніне кіре беріс автокөлік жолына жарық бағанын орнату және Досан елді мекеніндегі көшелер жыл аяғына дейін жарықтандырылмақ.

Сондай-ақ Абай және Досан елді мекенінен мектепке баратын 3 көшеге жаяу жүргінші жолы салынуда. Досан елді мекеніндегі жаяу жүргінші жолы пайдалануға берілді. Ал Абай елді мекеніндегі жұмыс қараша айында аяқталады.

Дегенмен округ бойынша әлі де өзекті мәселелер бар. Соның бірі Досан елді мекенін талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ету.

Басы 1-бетте

Бұл мәселе бойынша жоба сметалық құжат әзірленіп, құзырлы орынға бюджеттік өтінім берілді. Қордаланған мәселелер қаржы көзіне қарай кезең-кезеңімен шешімін табатын болады.

– Онерлі жастарға қандай қолдау көрсетіледі?

– Округ бойынша 5 үйірме жұмыс істейді. Бұдан бөлек, ауыл жастарының ұсынысына сәйкес, биылдан бастап казак күресі үйірмесі ашылды. Үйірменің игілігімен ауыл жастары республикалық және облыстық деңгейде өткізілген шарада жүлделі орынға ие болуда.

– Кәсібің нәсіп қылған тұрғындардың халі қалай?

– Қосшыңырау ауылдық округі мал және егін шаруашылығын дамытуға қолайлы аймақ. Бүгінде округ бойынша 257 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелген.

2023 жылы 38 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 38 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 4 кәсіпкерлік нысанға, яғни 19%-ға жоғарылады. Барлығы 82,3 млн теңгені құрайтын 11 жобаға несие берілді.

Сонымен қатар 7 ауыл тұрғыны 9 млн 660 мың теңгені құрайтын мемлекеттік қайтарымсыз грантты жеңіп алды.

Аталған жобаның басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға бағытталды.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 17 млн 200 мың теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылды. Ол құс өсіру бағыты және пено-блок өндірісі.

– Абай ауылындағы сиыр фермасы жер телімінің жол құрылысына, ауысумен қамту жұмысына жаңа сметалық құжаттың сараптамасы дайындалды деп едііз сұхбатыңызда. Сол жайлы айтып өтсеңіз.

– Аталған жобалар бойынша өткен жылы жоба-сметалық құжат әзірленген болатын. Қаржыландыру мақсатында құзырлы орынға бюджеттік өтінім ұсынылған. Алдағы уақытта қаржы көздеріне қарай бұл жұмыс та жүзеге асады.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген
Нұрболат НУРЖАУБАЙ

ӨРКЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР

Бүгінде кино сан алуан, ондағы жанрдың түр-түрі дамыды. Алайда бәріне бастау болған алғашқы кинотуынды қашан, қалай пайда болғанын білу кім-кімге де қызық екені сөзсіз. Осы сауалды қоя қалсақ, сөзсіз, бәрі XX ғасырды меңзері анық. Алайда алғашқы киноның тағдыры XIX ғасырдан басталады. Оған қоса таспаға түскен сәт өркениет жетістігі – пойыз туралы болған екен.

Алғашқы кино 1895 жылы пайда болған. Сол жылы ағайынды Люмьерлердің «Пойыздың келуі» деректі фильмі жарыққа шықты. Бұл – бүкіл әлем бойынша ресми түрде тіркелген әрі көрсетілген алғашқы кинотуынды. Әрине, бүгінгі хронометраж бен қалыптасқан эстетикалық құрылым тұрғысынан алғанда аталған фильмді тұшынып қарау мүмкін болмас. Дегенмен киноиндустрия саласының алғашқы ізін салған туындының тарих үшін маңызы жоғары.

Қызығушылық бүгін саланың туындауына себеп болады емес пе, алғашқы киноны түсірген Джордж Истмэн әлемдегі алғашқы оператордың қатарына енді. Ал алғашқы кинода өнер көрсеткен бес актер – Луиджи Ульи, Адольф Луи, Харриет Хартли және Луиджи қайың енесі мен атасы кино мен театр өнерінің алшағын сездіріп, өз алдына биік құндылық ретінде қарауға итермеледі. Мұндағы түсірілім позициясы, нысандардың жылжу бағытын ашық көрсету бүгінгі кино өнеріндегі белгілі қағидаларға бастау болған еді.

Бұл кинодан кейін «Лиде көпірімен көліктің қозғалуы» сияқты бірқатар кино түсірілген болатын. Жаңа бағытқа



жол салған өнер адамы потенциалын кино арқылы көрсетуге тырысқан. Алайда тағдыр жолы мұндай кеңшілік бермеген екен. Қызығы сол, 1890 жылдан кейін Луи мен оның отбасының бірнеше мүшесі құпия жағдайда іс-түссіз жоғалып кеткен. Ал оның ұлы фильмінің ресми түрде әлем

бойынша бірінші болып мойындалуына атсалысқанмен, оның еңбегі нәтижесіз еді. Кейін ол да белгісіз біреулердің қолынан қаза тауып, әулеттің кино тарихындағы ізінің өшіуіне себеп болды.

Луиджи кейін бірнеше секундтық фильмдер түсірілгенімен, 1895 жылы ағайынды Люмьерлердің «Ла-Сиота вокзалына пойыздың келуі» атты туындысы әлем бойынша алғашқы кино болып танылды. Кино ұзақтығы – шамамен 1 минут. Фильмде келген пойыздан түскен адамдардың жан-жаққа кетуі мен күтіп тұрған жанардың пойызға мініп, өз орындарына жайғасуы көрсетілді.

1896 жылы көрсетілімге шыққан фильм сюжеті өте қарапайым. Пойыздың платформаға жақындауы – таңдай қағып, таңқаларлық ғажап дүние емес. Алайда XIX ғасырдың соңында өздеріне қарай келе жатқан пойызды көрген көрермендер естерінен танған. Сюжеті ұқсас «Жұмысшылардың фабрикадан шығуы» атты фильм түсірілді. Бұл фильм кеш түсірілсе де, оны алғашқы киномен шатастыра бастады. «Пойыздың келуі» фильмінің кейін кинематография саласы дами бастады. Әлемге танымал бірқатар фильмдерде алғашқы фильм үзінділері көрсетілді. Бұл – кино әлеміндегі алғашқы деген құрметті белгісі.

Сөзсіз, ізденімпаздар ресми түрде тіркелмесе де 1888 жылы тұсауы кесілген «Раундхэй бағиындағы көрініс» картинасын санатқа қосуға тырысары анық. Алайда Луи Ле Принц фотоэмульсиямен қапталған пленкаға түсірген ол туындының ұзақтығы небәрі 2 секунд шамасында. Сондықтан ағайынды Люмьерлердің «Пойыздың келуі» атты кинотуындысы – кино өнерінің алғашқы қарлығашы.

Р.МАҚСҮТ

... Қоғам болған соң түрлі жағдай кездеседі. Бес саусақ бірдей болмайтыны секілді, адамдар да әртүрлі болады. Өйткені адамның бәрі бірдей мейібан емес. Оның үстіне әрбір атқан таң жақсы хабар әкеле бермейді. Біреу әкесінен айырылып қайғырып жоктаса, екінші біреу ұлын үйлендіріп, шаттыққа кенеліп жатады. Бұл – өмір! Өмір тек бақыттан, сәттіліктен, жақсы күннен тұрмайды. Оның да ақ пен кара, күн мен түн секілді күнгей мен көлеңкелі, ашы да тұшы сәттері бар...

Бұл Сырдың бас ақыны атанған, кезінде жырымен дүйім жұртты тамсандырған Махамбетқали Тұрғановтың ой толғамы еді. Марқұмның көзі тірісінде бірнеше рет сұхбаттасқаным бар. Сол сұхбаттың бірінде жалған өмірдің ақ пен қарасын, ашы мен тұшысын саралады.

– Көлікпен біреуді қағып, қашып кететін де адам, бір-біріне қол көтеріп, майып ететін де адам, басым болғысы келіп, өзгені менсінбейтін де адам, кісіні өлтіретін де адам, зорлық-зомбылыққа баратын да адам, ұрлық жасайтын да адам. Адам, адам, адам... Кейде адамдарды хайуаннан бетер қатігез бе деп қаламын. Ой, дүние-ай, десенші... – деп біраз отырды да сөзін қайта жалғады.

Басы 1-бетте



– Бірақ адамның бәрі бірдей жаман болмайды. Жүрегі мейірімге толы, пейілі кең, айналасына жақсылық жасауға құштар, қолы ашық, жүрегі жомарт, Отанын шын сүйетін, саналы ғұмырын туған еліне арнайтын адамдар аз емес. Адамның бұлай бөлінуі әуел баста Адам атаның қос ұлы Қабыл мен Әбілден басталған жоқ па, – деген

Махамбетқали Тұрғанов ескі әпсананы айта болмады.

Махаң есті әңгімелерді көп білетін, киес-дастандарды тарқатып айта алатын жан еді. Адам атаның Қабыл мен Әбіл атты ұлы болғанын, екі бауырдың бір-бірімен араздасып қалып, ағасы інісін жазым еткенін айтты. Жай айтқан жоқ, тебіреніп, бүгінгі қоғаммен


салыстырып әңгімеледі. Мұнан соң қазақтың шежіресі мен Сырдың бойындағы ақындар хақында әңгіме өрбітті. Ол – өз алдына басқа тақырып.

Бізді безбүйрек ананың жайы, қоғамдағы келеңсіз оқиға толған еді, данышпан қарттың айтқаны да бірге еске түсті. Шынында, адамнан асқан қатігез де, адамнан асқан мейібан да жоқ секілді. Бір қолымен дүниені құрып жатса, екінші қолымен құртып жатыр. Бүгінде адам жасаған игіліктен бөлек, қатігездік пен жамандық көбейіп бара жатқан сияқты. Айналага ойлы көзбен қараған әрбір жан мұны түсінері анық. Өйткені алдап-арбау, бейкүнә сабыд зорлау, өмірге енді ғана келген шақалағын көліктен лақтырып жіберу, туған баласын қырыса, әжетханаға тастап кету, жетімханаға өткізу, өмір бойы баққан, әлпештеп өсірген ата-анасын қартайған шағында қарттар үйіне тапсыру сынды жүректі ауыртар келеңсіз жағдай көп. Қайтейік... Жүрегіміз қан жылайды... «Адамның бәрі бірдей жақсы болса, жердің беті әлдеқашан жұмаққа айналар еді ғой» дегенді де естідік. Ой, дүние-ай, десенші...

... Қатыгез болмаңдаршы, адамдар!

Әзіз ЖУМАДІЛДӨУЛЫ

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН



Державалар диалогы: АҚШ пен Қытай келіссөзі

«ҚХР басшысы ресми мәлімдемесінде пандемиядан кейін экономиканы қалыпқа келтіру қиынға соққанын айтты. Сондай-ақ Тайваньға әскери күш жіберу ойда жоғын жеткізіп, АҚШ үшін маңызды мәселенің басын ашқан. Өйткені бұған дейін Байден «спанасты елің» Тайваньда өтетін сайлауға араласпауға шақырып, саяси мәселені бейбіт жолмен шешуге үндеген» – дейді арна тілшісі.



Келіссөзде Тайвань аралы мәселесінің көтерілуін күткендер көп болды. Әсіресе, әскери хабар алмасу тәртібі, құрлық пен су шекараларындағы оқу-жаттығу аумағын бекіту секілді күрделі басы ашық сұрақ сарапшылар ғана емес, аталған тақырыпты жіті бақылайтын әрбір азаматқа қызық-ақ. Міне, жүзлесуде сол мәселе мәселе назардан тыс қалмай қорытынды әрі маңызды шешімдер санатына енді.

Байден «бүгін Қытай» идеясын қолдайтынын айтқанымен, Тайвань аралы маңында әскери ұшақ пен кеме ұстауды тоқтатпай отыр. Мысалы, мұхит асып барған сапарда Си Цзиньпин АҚШ-тан Тайваньға әскери көмек беруді тоқтатуды талап етті. Төраға түбінде Тайваньды қосып алатынын мәлімдеп, бекер әрекет етпеуге шақырған.

Сөз ойнату да өнер. Журналист келіссөзде қозғалған Тайвань мәселесі мен екі елдің өзара әскери дөң-айбат көрсетуін мінсіз метафоралар жеткізген. Мемлекетаралық әскери ведомстволар байланысы қалпына келгенін айтқан тілші жұырда ғана екі ел арасында болған әскери шуды еске салды. Айтуынша, Оңтүстік Қытай теңізінде америкалық В-52 әскери ұшағы Қытайдың әскери ұшағымен соқтығыса жаздаған. Бұл сарбаздардың бір-біріне көрсеткен қыры ма, әлде оқу-жаттығу мен патрульдік сапар барысындағы хабар алмасу қиындығы ма, сол бойы белгісіз қалды.


«АҚШ әуе кемесі Қытайдың әскери ұшағымен жанасуға шақ қалып, қақтығыс ұшықны көрінген болатын. Ресми деректе екі әуе кемесінің соғысуына небәрі 10 фут (3 метр, 5 см) аралық қалған көрінеді. Бұл 10 фут – екі ел министрлері келіссөз жүргізген үстелдің ұзындығымен пара-пар.

Келіссөзде ғаламдық климат өзгерісі, есірткі тасымалының алдын алу, халықаралық қақтығыстар туралы ортақ қағида сөз болған. Мемлекет басшылары өзара мәмілеге келген секілді. Себебі екіжақты ақпарат көздері кездесу қорытындысын «жақсылыққа жорығын» байқалады, Мысалы, Қытайдың ССҰТ мемлекеттік телеарнасы Байден мен Си мырзаның кездесуі өткен аймақта қылдырыстағанын және АҚШ президентінің Си Циньпинге құрмет көрсеткенін ерекше қайталаумен болды. Тіпті Қытайдың әлеуметтік желілерінде арнайы хэштегпен оң бағыттағы ақпарат тарату белең алды.

Байден тарихи кездесу нәтижесінде пікір алауыздығын жоюға мүмкіндік туғанын айтса, Си Циньпин белгілі бір деңгейде прогреске қол жеткенін мәлімдеді», – деді тілші.

Кездесу қорытындысында белгілі болғандай, Си Циньпин еларалық әуе рейстерінің санын ұлғайту, экономикалық қысымды босаңсыту, сауда, жоғары технология және инвестиция әлеуеті арқылы өктемдік танытпауды сұрай келген екен. Байден бұл ұсынысқа келісіп, тек Қытай интелектуалды құқық, яғни АҚШ-қа тиесілі кез келген өркениет жаңалығының авторлық құқығын сақтап, елдегі өнеркәсіп құпияларын ұрламауды талап етті. Десе де АҚШ-тың кей Қытай өндірісі орнына салға санкциясы сол күйі сақталатын болды. Экономикалық кеңдік сұрау кезінде мұндағы тарифтік жүйені жеңілдету мәселесі көтерілмегені сарапшыларға да түсініксіз. Олардың айтуынша, аталған кездесу ҚХР-ны санкция бұғатынанын күтқармаса, ешқандай экономикалық еркіндік сыйламайды.

Меншік несі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3109 Таспырас №1839

Мөмірдің кезекші редакторы Назира МҰКАТАЕВА